

**Еңбекшіқазақ ауданының Білім беру басқармасы,
«Алматы облысы Білім беру басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әйгерім-1» бөбекжай
балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
өзін- өзі бағалау қортындысы бойынша материалдары**

2021-2022 оқу жылы

Мазмұны:

I БӨЛІМ.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Мектепке дейінгі ұйым туралы ақпараттық анықтама

II БӨЛІМ.

Мектепке дейінгі ұйымның кадрлық әлеуетін талдау

- 1.Педагогикалық кадрлармен жасақталу.
- 2.Педагог кадрларының білім деңгейі.
- 3.Педагог кадрларының сапалық құрамы.
- 4.Педагог кадрларының жас құрылымы.
- 5.Жұмыс өтілі бойынша педагог кадрлар туралы мәлімет.
- 6.Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру.
- 7.Педагог кадрлардың қозғалыс туралы мәліметтер.

III БӨЛІМ

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиелеушілерінің контингентін талдау

- 1.Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер.
- 2.Тәрбиеленушілердің жас құрамы бойынша контингенті туралы мәліметтер.
- 3.Тәрбиеленушілердің жынысы бойынша контингенті туралы мәліметтер.
- 4.Тәрбиеленушілердің ұлттық құрамы бойынша контингенті туралы мәліметтер.
- 5.Жетім балалар мен қамқоршылар отбасында тәрбиеленетін балалар туралы мәліметтер.

IV БӨЛІМ

Оқу-әдістемелік жұмыс

- 1.Оқу процесінде педагогикалық технологияларды қолдану.
- 2.Жанадан келген және жас педагогтармен жұмыс.
- 3.Ғылыми-зерттеу жұмысы.
- 4.Педагогтердің облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуы.

V БӨЛІМ

Оқу-тәрбие жұмысы

- 1.Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету.
- 2.Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі.
- 3.Ата-аналарға сауалнама нәтижелерін талдау.
- 4.Тәрбиеленушілердің зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысу нәтижелері.
- 5.«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар.
- 6.Ата-аналармен және қоғаммен өзара әрекеттесу.
- 7.Тәрбиеленушілердің ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі.
- 8.Әлеуметпен байланыс.
- 9.Мектеппен сабақтастық.

VI БӨЛІМ

Тәрбиеленушілердің тіршілік әрекетінің денсаулық сақтау жағдайларын қамтамасыз ету

- 1.Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және сақтау жөніндегі жағдайлар.
- 2.Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысуы туралы ақпарат.
- 3.Медициналық мониторинг нәтижелері.
- 4.Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.

VII БӨЛІМ

Мектепке дейінгі ұйымда психологиялық білім беру үшін жағдайлар

1. Педагог-психологтың жұмысын ұйымдастыру.

VIII БӨЛІМ

Оқу-материалдық ресурстар

- 1.Ғимараттың жай-күйі және қажетті үй-жайлардың болуы.
- 2.Балалар мен жұмыскерлерді әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету.
- 3.Пәндік-кеңістіктік дамытушы орта.
- 4.Мектепке дейінгі ұйымды қаржыландыру көздері.
- 5.Материалдық-техникалық базасы.
- 6.Ақпараттық ресурстар (интернет).

IX БӨЛІМ

Мектепке дейінгі ұйымның дамуының болашағы мен қорытындылары

X БӨЛІМ

Қосымшалар

№1 қосымша

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

- 1.Алматы облысы,Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің қаулысы
- 2.Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама.
- 3.Мектепке дейінгі ұйымның жарғысы.

№2 қосымша

Рұқсат беру құжаттары:

- 1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама.
- 2.Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия.
- 3.Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды.
- 4.Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама.

№3 қосымша

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттар (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша).

№4 қосымша

Бағалау парағы (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 5-қосымша).

№5 қосымша

Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарынан сауалнама нәтижелері (бес жастан бастап) (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 6-қосымша).

№6 қосымша

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 8-қосымша).

№7 қосымша

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 9-қосымша).

№8 қосымша

Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер(білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 11-қосымша).

№9 қосымша

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 13-қосымша).

І БӨЛІМ

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Алматы облысы Білім беру басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әйгерім-1» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Бөлек ауылдық округі, Бөлек ауылы, көшесі Достық, құрылыс 16 А, пошта индексі 040420.

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефоны: 87714741627- басшы, 8(72775) 57046- жалпы.

e-mail: 57046ai@mail.ru

Веб-сайт: <https://sad-aigerim1.testim.kz/>

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Жетекшісі: Керимбекова Айгуль Тлебалдиевна.

Телефоны: 87714741627- басшы, 8(72775) 57046- жалпы.

5	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:	
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігі қаулысы	2010 жылғы 28 маусымдағы №679 «Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Бөлек ауылындағы «Әйгерім-1» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылу туралы.	
Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама	Тіркеу нөмірі №10841907-12-ГП 26.12.2021 БСН:100840014811 Алғашқы тіркелген күні: 2010 жыл 24 тамыз	
Мектепке дейінгі ұйымның жарғысы	Алматы облысының білім басқармасының 2021 жылғы 06 қаңтардағы №43 ж/в бұйрығымен бекітілген «Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әйгерім-1» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысы	
6	Рұқсат беру құжаттары:	
Қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама	2021 жылғы 04.02. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы №KZ96RVK00031448 хабарлама	
Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия қосымшасымен бірге	2001 жылғы 21 қараша ЛП 0012219DB Серия 0012219 «Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасы» Қосымша: 3264 №0132728	
Санитарлық-эпидемиологиялық	2010 жылғы 09.12. №2-4-4161	

қорытынды	Санитарлық –эпидемиологиялық қорытынды
Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама	Жылжымайтын бүлік объектілері: Жер учаскесі, кадастрлік нөмірі:03-044-138-056 Жалпы ауданы: 0,62 га, бастапқы объект-ғимарат, кадастрлік нөмірі:03:044:138:056:1/А, Жалпы ауданы-1274,2 шаршы метр; Бастапқы объект-қойма қазандық қоймасы, кадастрлік нөмірі: 03:044:138:056:1/Б, жалпы ауданы 98,2 шаршы метр.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Салынған жылы: 1972 жыл

Пайдалануға берілген жылы: 2010 жыл 24 тамыз

Ғимарат түрі: типтік

Меншік нысаны: мемлекеттік

Құрылыс алаңы:599,4

Жалпы ауданы: 1176

Жобалық қуаты: 150

Тәрбиеленшілер контингенті: 150

- бөбек жасы топтарына баратын балалар саны: 50

- мектепке дейінгі топтарға баратын балалар саны: 100

Балабақшаның жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы, балалардың болуы 10,5 сағат, сағат 7.30-ден 18.00-ге дейін.

Оқыту тілі: қазақ және орыс тілдері

Қазақ тілінде оқытатын 4 топ,

Орыс тілінде оқытатын 2 топ.

2021-2022 оқу жылында 6 топ жұмыс істейді, оның ішінде:

- екі кіші топ:

қазақ тілінде тәрбиеленетін екі топ- 2 жастан бастап 3 жасқа дейін,

-бір ортаңғы топ:

қазақ тілінде тәрбиеленетін бір топ- 3 жастан бастап 4 жасқа дейін,

- екі ересек топ:

орыс тілінде тәрбиеленетін бір топ- 4 жастан бастап,

қазақ тілінде тәрбиеленетін бір топ- 4 жастан бастап;

- бір мектепалды топ:

орыс тілінде тәрбиеленетін бір топ- 5 жастан бастап .

Қызметкерлер саны: 38

Педагогикалық кадрлар – 20 (басшы, тәрбиешілер- 12 , мамандар- 7)

Техникалық персонал- 18

II БӨЛІМ. МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІНІҢ ТАЛДАУЫ

Әкімшілік- басқару персоналы туралы ақпарат

Басқарма құрылымы балабақша әкімшілігі қызметінің өзара байланысын қамтиды: басшы, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, медбике және өзін-өзі басқару органдағы: педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, ата-аналар жиналасы және мектепке дейінгі ұйымның еңбек ұжымының жалпы жиналысы.

№	ТАӘ	Лауазымы	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Аталған лауазымдағы өтілі
1	Умирсерикова Загифа Токтаровна	Меңгеруші (2010-11.10.2021ге дейін)	жоғары	2 санат	40 жыл	11 жыл
2	Керимбекова Айгуль Тлебалдиевна	Меңгеруші (02.12.2021 бастап)	жоғары	1 санат	5 жыл	5 жыл
3	Шаяхметова Маржан Елеусизовна	әдіскер	жоғары	2 санат	10 жыл	4 жыл
4	Хадымова Земфира Валиевна	медбике	арнаулы орта	-	3 жыл	3 жыл
5	Ердембекова Турсынгуль Алпысбаевна	шаруашылық меңгерушісі	арнаулы орта	-	28 жыл	28 жыл
6	Абдикешова Мадина Сериковна	хатшы	жоғары	-	2жыл	2 жыл

Балабақшаның ағымдағы қызметі ағымдағы қызметті ұйымдастыруға және жоспарлауға жауапты тұлғалардың функционалдық өкілеттіктерімен шектеледі. Ережелер, нұсқаулықтар, ішкі тәртіп ережелері, 2020-2025 жылдарға арналған мектепке дейінгі ұйымды дамыту бағдарламасы, және т. б. бар.

Балабақша қызметін бақылауды педагогикалық кеңестер, педагогикалық сағаттар, өндірістік жиналыстар, меңгеруші жанындағы жиналыстар, және ата-аналар жиналыстары арқылы байқауға болады. Жоспарланған іс – шаралардың тақырыбы өткен жылғы жұмысты туындаған мәселелерді шешуге бағытталған.

Жедел бақылау ата-аналармен жұмысты талдауды, балалардың денсаулығын сақтауды, балалардың тамақтануын талдауды, топтағы құжаттаманы талдауды, мұғалімдердің өздігінен білім алуын және т. б. қамтиды.

МКҚК «Әйгерім –1»бөбекжай балабақшасында қызмет мазмұнын көрсететін материалдар бар, тәрбиеленушілер мен педагогикалық құрамның жеке көрсеткіштеріне мониторинг жүргізіледі.

Педагогикалық кадрлармен жұмыс әр педагогтердің кәсіби құзіреттілігін диагностикалауға кәсіби сұраныстарды, қажеттіліктерді анықтауға және педагогикалық кадрлармен жұмыс мақсатын анықтауда сараланған тәсілге және оған жетудің оңтайлы формасын таңдауға негізделген.

Қызметкерлердің еңбегі үшін қолайлы жағдайлар жасалған, көтермелеу жүйесі (грамоталар, алғыс хаттар және т. б.) әзірленген. Жанжал жағдайларының, қызметкерлердің шығымдарының болмауы балабақшада қолайлы психологиялық климат құрылды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық кеңес туралы ереже бекітілді. Педагогикалық кеңесті өткізу формалары әртүрлі (конференциялар, дөңгелек үстел, шығармашылық зертханалар, іскерлі ойындар, онлайн). Педагогикалық кеңестердің хаттамалар журналы нөмірленген, тігілген, меңгерушінің қолымен расталған.

Педагогикалық құзыреттілікті арттыруға және балалармен жұмысты ұйымдастыруға, семинарлар, ұжымдық қараулар, педагогикалық шеберлік конкурстары өткізіледі , жас педагог мектебі жұмыс істейді.

Қорытынды: балабақшада оқу үрдісін ұйымдастыру үшін барлық қажетті нормативтік құжаттар бар.

Педагогикалық кадрлармен жасақталуы

Мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында штат кестесінде педагогтердің: тәрбиешілер мен мамандардың штат бірліктері көзделген. Штат кестесіндегі тұрақтылық 70 % 2017-2019 оқу жылында, 2020-2022 оқу жылында байқалады.

2017-2020 жылдары штат бірліктері 41,4 қалыпты. 2020-2022 жылдары балабақшаның ішкі бұйрығы бойынша, дефектолог пен логопед мамандары үшін сағаттық төлем бойынша штат бірліктері бөлінгеніне байланысты. 43,4 болды.

2021-2022 100% - ға жасақталған. 1 қыркүйегіне балалар бақшасы педагогикалық кадрлармен 100% - ға жасақталған. Педагог – мамандардың 3-15 % қоса атқарушылар болып табылады.

Педагогтердің жүктемесі ҚР заңнамасына қайшы келмейді.

Педагог кадрлардың білім деңгейі

Оқу жылдары	Барлық педагогтер	Жоғары біліммен		Арнаулы орта біліммен		Базалық білімі
		барлығы	мектепке дейінгі	барлығы	мектепке дейінгі	мектепке дейінгі
2017-2018	19	16	11	3	3	3
Тәрбиешілер	13	10	10	3	3	3
2018-2019	20	17	11	3	3	3
Тәрбиешілер	13	11	2	2	2	2

2019-2020	19	17	11	2	2	1
Тәрбиешілер	12	10	9	2	2	1
2020-2021	21	19	13	2	2	1
Тәрбиешілер	12	10	9	2	2	1
2021-2022	20	17	11	3	2	2
Тәрбиешілер	12	9	9	3	2	2

Ағымдағы оқу жылында педагог кадрлар арасында 20 педагог -85 % жоғары педагогикалық білімі бар ,оның ішінде мектепке дейінгі 11-65 %, арнайы орта педагогикалық білімі бар 45 % - 9 педагог, оның ішінде мектепке дейінгі 3 - 33% .

Барлық пән мамандары (7 педагог) жоғары білімді,оқытылатын пәндеріне сәйкес -88% .

Қорытынды: 12 тәрбиешінің - 92 % -ның «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім бар.

Перспектива:

2022-2027 жылдары тәрбиешілердің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандағы бойынша білім алуы жоспарлансын -100 %.

Біліктілік санаттары бойынша педагог кадрлардың сапалық құрамы

Біліктілік деңгейі	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Балабақша бойынша педагогтердің барлығы, оның ішінде:	19	20	19	21	20
Жоғары санатты	0	0	1	0	0
Динамика	0	0	5%	0	0
Бірінші санатты	4	4	4	4	2
Динамика	21%	20%	21%	19%	10%
Екінші санатты	11	11	8	8	4
Динамика	58%	55%	42%	38%	20%
Санатсыз	4	5	6	9	7
Динамика	21%	25%	32%	43%	35%
Педагог -модератор	0	0	0	0	4
Динамика	0	0	0	0	20%
Педагог -сарапшы	0	0	0	0	3
Динамика	0	0	0	0	15%
Педагог- зерттеуші	0	0	0	0	0
Динамика	0	0	0	0	0
Педагог - шебер	0	0	0	0	0
Динамика	0	0	0	0	0

2021 жылғы 01.09. 13 педагог біліктілік санатына ие -65%, 2022-2023 оқу жылында аттестаттау жоспарына сәйкес 5 педагог өздерінің біліктілік деңгейін арттырады. 2023-2024 оқу жылында аттестаттау жоспарына сәйкес 2 педагог өздерінің біліктілік деңгейін арттырады.

Жыл сайын педагогтердің сапалық деңгейінің артуы аттестаттау нәтижелерімен расталады. Педагог кадрларды аттестаттау педагогтерді аттестаттау және перспективалық жоспарлау жөніндегі нормативтік база негізінде жүргізіледі.

Аттестаттаудан өткен педагог кадрлар туралы мәліметтері

Оқу жылы Педагог кадрлар	2017- 2018 оқу жылы	2018- 2019 оқу жылы	2019- 2020 оқу жылы	2020- 2021 оқу жылы	2021- 2022 оқу жылы
Барлық педагогтар	19	20	19	21	20
Барлығы аттестаттаудан өтті оның ішінде	6	4	0	3	4
Басшы	0	0	0	0	0
Әдіскер	0	0	0	0	0
Тәрбиешілер	5	3	0	3	4
Оның ішінде мемлекеттік тілдегі топтар:	3	2	0	3	3
Оның ішінде мамандар	1	1	0	0	0
Музыкалық жетекшісі	1	0	0	0	0
Логопед	0	0	0	0	0
Қазақ тілі мұғалімі	0	0	0	0	0
Педагог- психолог	0	1	0	0	0
Дене шынықтыру нұсқаушысы	0	0	0	0	0
Динамика	32%	20%	0	14%	20%

2022- 2023 оқу жылында 6 педагог өздерінің біліктілік деңгейін арттыруды жоспарлап отыр: 2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында ҰБТ-дан өтіп, 1 педагог- «педагог – сапаршыға», 5 педагог «педагог-модераторға» біліктілік санатын арттыруды жоспарлап отыр.

Әрбір педагог портфолиосын ресімдейді, онда оның кәсіби өсу картасы, кәсіби жетістіктері, оң тәжірибесі, педагогтің бірнеше жыл ішіндегі кәсіби қызметінің әртүрлі әдістемелері мен диагностикасы, әрқайсысының білімін, біліктілігін арттыруын растайтын құжаттардың көшірмелері болады. Бұл педагогтердің кәсіби өсуін арттыру бойынша қызметті қадағалау жұмыстары жүйеде жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Оқу жылының басында 2 педагог –10 % - педагог- сарапшы, 2 педагог- 10 %- педагог - модераторға ие болды. Санаты жоқ педагогтердің саны 7 - 35 %- жұмыс өтілі 5 жылдан кем педагогтер.

Педагогтердің сапалық құрамындағы өзгерістер зейнеткерлікке, декреттік демалысқа немесе ТТЖ ауысуына байланысты байқалады.

Педагог кадрлардың жас құрылымы

Жас санаттары	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
20 жасқа дейін	0	0	1	0	0
20 дан 25 жасқа дейін	2	1	1	0	0
25 дан 30 жасқа дейін	5	4	4	2	1
30 дан 35 жасқа дейін	3	4	2	5	5
35 дан 40 жасқа дейін	2	3	2	4	4
40 дан 45 жасқа дейін	2	3	4	3	1
45 дан 50 жасқа дейін	3	3	1	2	2
50 дан 58 жасқа дейін	2	2	4	5	5
58 және одан жоғары	0	0	0	0	2
Барлық педагогтер	19	20	19	21	20

Ұйым персоналының жас құрылымын сипптайтын ұсынылған кестеден негізгі үлесті балабақшада 21 адам (58,3%) (2017 жылдың нәтижелер бойынша 14-адам (37,8%)) бар 30 жастан 50 жасқа дейінгі орта жастағы қызметкерлер алады, бұл тұрақтылықтың, тәжірибенің, ұтқырлықтың және жұмысқа қабілеттіліктің көрсеткіші болып табылады.

Жұмыс өтілі бойынша педагог кадрлар туралы мәліметтер

Жұмыс өтілі	2017-2018 оқу-жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
1 жылға дейін	0	1	1	2	3
1 жылдан 3 жылға дейін	3	1	1	1	3
3 жылдан 5 жылға дейін	2	3	2	1	1
5 жылдан 10 жылға дейін	9	9	11	11	6
10 жылдан 15 жылға дейін	1	1	1	1	3
15 жылдан 20 жылға дейін	2	1	1	1	1
20 жылдан 25 жылға дейін	2	2	1	2	1
25 жылдан жоғары	2	2	1	2	2
барлық педагогтар	19	20	19	21	20

1 жылдан 3 дейінгі жұмыс өтілі бар қызметкерлердің ең көп саны 2021-2022 оқу жылында байқалады - 20% - бұл оқу орнын бітіргеннен кейін жас маман, балабақшада жұмыс өтілі жоқ педагогтар. 2021 жылғы 01 қыркүйекке диплом алуына байланысты, 1 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар 1 жас маман.

Ұжымда еңбек өтілі 5 жылдан 10 жылға дейінгі қызметкерлер ең көп жұмыс істейді - 6 адам (30 %). Қызметкерлердің педагогикалық өтілінің тұрақтылығы мен артуы байқалады.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру

Саналы белсенділік пен іскерлік біліктіліктің көрсеткіші біліктілікті арттыру курстары арқылы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсібилігінің өсу серпіні болып табылады және аттестаттау нәтижелерімен расталады.

Біліктілікті арттыруы курстарынан өткен педагогтер туралы ақпарат

Оқу жылдары Педагог кадрлары	2017- 2018 оқу жылы	2018- 2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020- 2021 оқу жылы	2021- 2022 оқу жылы
Барлық педагогтер	19	20	19	21	20
Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтер	11	11	3	7	8
Басшы	1	1	0	0	1
Әдіскер	0	1	0	0	1
Тәрбиешілер	9	9	3	4	4
Оның ішінде мемлекеттік тілдегі топтар	6	7	3	3	2
Мамандар	1	0	0	3	2
Музыкалық жетекшілер	1	0	0	1	1
Логопед	0	0	0	0	0
Қазақ тілі мұғалімі	0	0	0	0	0
Ағылшын тілі мұғалімі	0	0	0	1	0
Педагог- психолог	0	0	0	1	1
Дене шынықтыру бойынша нұсқаушы	0	0	0	0	0
Динамика	58%	55%	16%	33%	40%

Курстық дайындық 5 жылдық перспективалық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. 2017-2021 жылдары педагогтардың 80%- ы курстық даярлықтан өтті және педагогикалық шеберліктерін арттырды «Өрлеу» (19 педагог), КМЦПК (16 педагог), ПШО (3 педагог), басқа да біліктілік арттыру курстары (4 педагог).

2021 - 2022 оқу жылында жоспарға сәйкес 5 педагог біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

Жыл сайын педагогтердің сапалық деңгейінің артуы аттестаттау нәтижелерімен расталады. Педагог кадрларды аттестаттау педагогтерді аттестаттау және перспективалық жоспарлау жөніндегі нормативтік база негізінде жүргізіледі.

**Құрметті атақтары, ведомстволық және үкіметтік
наградалары бар педагог қызметкерлер**

Марапаттар	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Бөлек ауылы әкімінен Құрмет грамотасы	2	1	4	1	1
Еңбекшіқазақ ауданы Білім беру басқармасы грамотасы	1	1	4	9	2
Еңбекшіқазақ ауданы Білім беру басқармасынан Құрмет грамотасы		2	1	4	7

Педагог кадрлардың қозғалысы туралы мәліметтер

Кадрлардың ауысу коэффициенті- бұл кадрлардың өз еркімен жұмыстан босатылуын сипаттайтын көрсеткіш. Қызметкерлерді жұмыстан шығару себептері кестеде келтірілген.

Көрсеткіштер	2017-2018 оқу жылы	2018- 2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Қабылданған педагогтар	3	8	6	3	2
Жұмыстан шығарылған педагогтар		7	5	3	2
Декреттік демалысқа шығу	1	1	1	2	1
Осымен бірге:					
Өз еркі бойынша		7	5	3	2
Олардан:					
Жалақыға қанағаттанбағандар					
Көшумен (РФ,ТЖО)					
Қосымша жұмысшының негізгі жұмысқа ауысуы					
Басқа жұмысқа ауыстырылғанлар		1			
Денсаулыққа байланысты					
Еңбек тәртібін бұза отырып					
Зейнетке шығуына байланысты	2				1
Күндізгі оқу нысаны бойынша оқытумен					

5 жыл ішінде кадрлық құрамның қозғалысын талдау педагогтердің өз еркімен немесе зейнетке шығуымен жұмыстан босатылғанын анықтады. 2021 жылдың қазан айында зейнетке шығуына байланысты 1 педагог(басшы) жұмыстан кетті, 2 педагог өз еркі бойынша жұмыстан кетті, 2 педагог декреттік демалысқа шықты. Негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша демалыс уақытына 1 педагог қабылданды.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлердің жеке істері тізімдемесі бар жеке папкаларда хатшыда сақталады. Негізгі қызмет, жеке балалар қозғалысы бойынша бұйрықтар бар. Балалар бақшасы құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Жеке құрам бойынша бұйрықтар және негізгі қызмет бойынша бұйрықтар журналдары бар. Балабақшаның барлық қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен, ішкі тәртіп ережелерімен және еңбекті қорғау және жұмыс кестесімен танысты.

Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығы қорғау, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғалу бойынша нұсқамалар жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Қорытынды:

1. Балабақша педагогикалық кадрлармен 100 % жасақталған.
2. 12 тәрбиешінің 92 %-ның "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандағы бойынша білімі бар.

Өзін-өзі бағалау: «uzdik»

ІІІ БӨЛІМ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІН ТАЛДАУ

Тәрбиеленушілер контингентін туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау «kezek.e-zhetysu.kz» бағыты бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс ресімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы балабақшаға қабылдау туралы ата-ананың (немесе оны алмастыратын адамның) өтініші, мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің рұқсаты тігіледі. Бағыттарды тіркеу журналдары, балалар қозғалысы кітабы, балалар қозғалысы бойынша бұйрықтар, балалардың бұйрықтары мен балабақша ішіндегі бағыттарын тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі.

Балабақшада қазақ және орыс тілдерінде оқитын 6 жас тобы жұмыс істейді.

№	Оқу жылы	Оқыту тілі	Топ саны	Тізімдік құрамы	Балалардың жалпы саны
1	2017-2018 ж	қазақ	4	67	135
		орыс	2	33	
2	2018-2019 ж	қазақ	4	76	135
		орыс	2	33	

3	2019-2020 ж	қазақ	4	96	135
		орыс	2	23	
4	2020-2021 ж	қазақ	4	99	135
		орыс	2	19	
5	2021-2022 ж	қазақ	4	105	150
		орыс	2	24	

2020 жылғы 01.09 жылмен салыстырғанда карантиндік шаралардың енгізілуіне, халықтың ішкі және сыртқы көші-қонының ұлғаюына байланысты тәрбиеленушілер санының азаюы байқалады.

Тәрбиеленушілердің жас құрамы бойынша контингенті туралы

Жас тобы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	Жас тобы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Топтар саны / Балалар саны	6 топ/135 бала	6 топ/135 бала	Топтар саны/Балалар саны	6 топ/135 бала	6 топ/135 бала	6 топ/150 бала
1 кіші тобы	1/18	1/19	Кіші топ	1/20	17	2/50
2 кіші тобы	1/24	1/25	Ортаңғы топ	1/20	18	1/25
Ортаңғы топ	2/44	2/46	Ересек топ	2/50	47	2/50
Ересек топ	2/49	2/45	Мектепалды даярлық тобы	2/45	53	1/25
Мектепалды даярлық тобы						

Мектепке дейінгі жастағы балаларды қабылдау мектепалды даярлық топтарын шығару есебіне жүргізілді.

2019-2020 оқу жылында электронды жүйеде балалар 1 қыркүйекте толық жасқа сәйкес топтарға қабылданды..

Тәрбиеленушілердің жынысы бойынша контингенті туралы мәліметтер

Балалардың жынысы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Балабақша бойынша балалардың барлығы	135	135	135	135	150
Ұлдар	67(50%)	65(48%)	60(44%)	69(51%)	77(51%)
Динамика		-2	-5	+9	+8
Қыздар	68(50%)	70(52%)	75(56%)	66(49%)	73(49%)
Динамика		+2	+5	-9	+7

2017-2020 оқу жылы кезеңінде қыздардың басым болуы, ал 2021-2022 оқу жылында ұл балаларың басым болуы байқалады.

**Тәрбиеленушілердің ұлттық құрамы бойынша
контингенті туралы мәліметтер**

Балалардың ұлттық құрамы	2017-2018ж	2018-2019ж	2019-2020ж	2020-2021ж	2021-2022ж
Барлық балалар	135	135	135	135	150
Қазақтар	67	76	96	99	105
Динамика	50%	56%	71%	73%	70%
Орыстар	33	33	23	19	24
Динамика	24%	25%	17%	14%	16%
Басқалар	35	26	16	17	21
Динамика	26%	19%	12%	13%	14%

2017 - 2022 оқу жылы кезеңінде ұлты қазақ балалар санының өсу динамикасы байқалады.

**Жетім балалар мен қамқоршылар
отбасында тәрбиеленетін балалар туралы мәліметтер**

Әлеуметтік мәртебесі	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Жетім балалар	-	-	-	-	-
Қамқоршылар отбасында тәрбиеленетін балалар	-	-	-	-	-
Барлығы	0	0	0	0	0
Балабақшадағы барлық балалар	135	135	135	135	150

**IV БӨЛІМ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС**

Әдістемелік жұмыс балабақшадағы педагогтердің педагогикалық шеберлігін арттырудың бір құралы болып табылады, білім беру процесін жетілдіруге, балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай жасауға бағытталған. Бұл жаңалықты әдіскерлер М.Е.Шаяхметова (білімі педагогикалық жоғары, 2-санаты, осы лауазымдағы жұмыс өтілі – 4 жыл) басқарады.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары мен даму бағдарламасына сәйкес әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары анықталды. Бекітілген ережелерге сәйкес жұмыс істейтін педагогикалық кеңес, шығармашылық бірлестіктер алқалық басқару органдары болып табылады.

Әдістемелік қызметтің негізгі бағыттары ұйымдастыру - әдістемелік және оқу-әдістемелік қызмет, ғылыми-зерттеу және ақпараттық-талдамалық қызмет, педагогикалық кадрлармен жеке жұмыс және олардың өздігінен білім алуы, педагогикалық мониторинг болып табылады.

Педагогикалық ұжымның қызметі оқу жұмыс жоспарын әдістемелік қамтамасыз етуді және білім беру процесінің сапасын мониторингілеуді ұйымдастыруға бағытталған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жұмыс оқу жоспарлары мен кестесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес әрбір оқу жылына жасалған. Әр жас тобындағы инвариативті және варианттивті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспары компоненттен тұрады: инвариантты, варианттивті.

Тәрбиешілер бекітілген тікелей тақырыптарға сәйкес перспективалық жоспарлар мен циклограммаларын жасады.

Балабақша педагогтары өз жұмысында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» басшылыққа алады. «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтері мен іс-шаралар процесінде біріктіру арқылы, мектеп жасына дейінгі баланың әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға, танымдық қабілеттерін, жеке бейімділіктерін, қызығушылықтар мен қажеттіліктерін дамытуға бағытталған.

Вариативті компонентерді оқу бағдарламалары шолуларға ие және жылдық тапсырмалар негізінде таңдалады. Педагогтер білім беру салалары бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері МЖМБС-ға сәйкес балалардың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық технологияларды пайдалану.

Балабақшадағы білім беру процесінің сапасына педагогтердің кәсіби және жеке дамуы әсер етеді. Оқу процесінде педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі білім деңгейіне, жұмыс тәжірибесіне және педагогтердің жеке ерекшеліктеріне байланысты.

Білім беру сапасын арттыру, даму бағдарламасын іске асыру және жылдық міндеттерді шешу мақсатында педагогтер тәрбиеленушілердің жасын ескере отырып, бағдарламалар мен инновациялық технологияларды пайдаланады. Инновациялық технологиялар мен әдістемелерді меңгеру семинарлар, консультациялар, уақытша шығармашылық топтарда жұмыс ұйымдастыру арқылы өтеді.

Жас топтары	Пайдаланылатын инновациялық технологиялар
Кіші топтар	Денсаулық сақтау технологиясы Өзін-өзі дамыту технологиясы (М.Монтессори) Ойын технологиялары (педагогикалық ойындар)
Орта топтар	Денсаулық сақтау технологиясы Ойын технологиялары Мнемотехнология әдісі (педагогикалық ойындар)
Ересек топтар	Денсаулық сақтау технологиясы Мнемотехнология әдісі Ойын технологиялары (педагогикалық ойындар)
Мектепалды даярлық топтар	ТРИЗ технологиясы (С.Альтшуллер) Мнемотехнология әдісі Интеграцияланған ұоқ технологиясы Денсаулық сақтау технологиялары
Мамандар	Денсаулық сақтау технологиялары Дьенеш Блоктары ТРИЗ технологиясы (г.С.Альтшуллер) Интеграцияланған ұоқ технологиясы Мнемотехнология әдісі

Бұл технологияларды қолдану, біріншіден, тәрбиеленушілердің оқу қызметіне деген ынтасын арттырады, танымдық қабілеттері мен тәуелсіздігін дамытады, бағдарламаны игеру сапасын және балалардың күзіреттілігінің қалыптасу деңгейін арттырады. Екіншіден, педагогтің кәсіби нәтижелерге қанағаттануы пайда болады.

Жаңадан келген және жас педагогтермен жұмыс.

Әдістемелік қызметтің бір бағыты – жас және жаңадан келген педагогтермен жұмыс. Жас педагогтердің педагогикалық құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында бөбекжай балабақшасында «Тәлімгер тәрбиеші» жұмыс атқарады.

Оқу жылы Педагогтардың санаты	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Барлық педагогтар	24	28	24	24	25
Жаңадан келген педагогтардың саны	2	6	6	4	4
Жас педагогтар саны Оның ішінде	3	7	8	7	5

1 жылға дейін- Педагогтың қалыптасуы	1	4	4	3	2
1 жылдан 2 жылға дейін – кәсіби құзыреттілікті дамыту	1	1	1	2	1
2 жастан 3 жасқа дейін - кәсіби шеберлікті арттыру және жетілдіру	1	2	3	2	2

«Тәлімгер тәрбиеші» жас мамандарды оқытудың әртүрлі нысандары қолданылады: тәлімгерлік, өздігінен білім алу, өзара қатысу, қаралған ұйымдастырылған оқу қызметтері мен режимдік сәттерді талдау, сауалнама жүргізу, ұйымдастырылған оқу қызметіне түсініктеме беру және т. б. бұл нысандар кәсіби құзыреттілік пен педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға, дамытуға және жетілдіруге бағытталған. Жас педагогтермен жұмыс, 2017-2018 оқу жылында олар ұжымында 2 адам (8,3%) тәлімгерлік түрінде ұйымдастырылады. Тағылымдамашы- педагогтардан сценарий- конспекттерді, перспективтік жоспарларды, циклограммаларды әзірлеуде теориялық түрінде және практикалық көмек (жоспарға сәйкес) көрсету үшін тәлімгерлер тағайындалды. 2018- 2019 оқу жылында 7(25%) педагог жас маман болды. 2019-2020 оқу жылында 8(33%) педагог жас маман болды. 2020-2021 оқу жылында 7 (29 %) педагог жас мамандар. Ал 2021-2022 оқу жылында 5 (20 %) жас маман болды.

Ғылыми- зерттеу жұмысы

Балабақшаның әдістемелік қызметі педагогтердің шеберлігін арттырудың әртүрлі нысандарын қолданады: семинарлар, практикумдар, кеңес берулер, өзара қатысу, шеберлік- сағаттар, педагогикалық, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне өзара қатысу, жаңа технологиялар, әдістемелер енгізілуде. Педагогикалық кеңес, жас ерекшелігі бойынша педагогтердің педагогикалық бірлестіктері алқалық басқару органдары болып табылады.

Педагогтердің әдістемелік сауаттылығы мен белсенділігін артыру бойынша әдістемелік қызметтің жұмысы педагогтердің педагогикалық шеберлігінің өсуіне, білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Педагогтердің жұмыс нәтижесі - педагогтердің педагогикалық және шығармашылық конкурстарға қатысуы педагогикалық құралдар, интернет-ресурстар және баспа басылымдары арқалы тәжірибені ұсынуы.

Газеттерде, журналдарда, жинақтарда және интернет ресурстарда жарияланымдар туралы ақпарат:

№	Журнал атауы	Автор	Жылы	Мақала
1.	«Бастауыш сынып және балабақша»	Алиева Н.К	Ақпан айы 2017	«Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының әдістерін қолдану» «Цыпленок»

2.	«Бастауыш сынып және балабақша»	Алиева Л.В	Ақпан айы 2017	«Жол тәртібін білейік» «Путешествие в страну Светофорию»
3.	«Бастауыш сынып және балабақша»	Шабанова Е.Н	Ақпан айы 2017	«Веселая математика» «Мишутка в гостях у ребят»
4.	«Бастауыш сынып және балабақша»	Дурсунова З.Н	Ақпан айы 2017	«Речевичок» «Дикие и домашние животные»
5.	«Бастауыш сынып және балабақша»	Джунусова М.А	Қазан айы 2017	«Гату доспыз бәріміз»
6.	«Бастауыш сынып және балабақша»	Жунисбаева Г.А	Қазан айы 2017	«Мамандықтың бәрі жақсы»
7	«Бастауыш сынып және балабақша»	Бисенова А.К	Қазан айы 2017	«Психология әлемі»
8	«Бастауыш сынып және балабақша»	Наданбаева А.Ш	Қазан айы 2017	«С» дыбысы мен әрпі
9	«Бастауыш сынып және балабақша»	Куралбаева М.Е	Қазан айы 2017	«Менің отбасым»
10	«Бастауыш сынып және балабақша»	Абдихалиева Г.Д	Қазан айы 2017	«Жапырақтан жасалған балықтар»
11	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Умирсерикова З.Т	Ақпан айы 2019	«Балабақша –қуаныш үйі»
12	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Шаяхметова М.Е	Ақпан айы 2019	«Балабақша-мактанышым»
13	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Тоғайбаева Б.Т	Ақпан айы 2019	«Ертегілер бала тілін дамытады»
14	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Омурзакова Г.Н	Ақпан айы 2019	«Күзгі көрініс»
15	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Жылқыбаева Г.А	Ақпан айы 2019	«Геометриялық пішіндер әлемінде»
16	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Мустапаева Д.О	Ақпан айы 2019	«Ғажайып құм»
17	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Джунусова М.А	Ақпан айы 2019	«Күнді бақылау»
18	«Үкілім-ай» халықаралық журналы	Абдихалиева Г.Д	Ақпан айы 2019	«Сикырлы сандар»
19	«Ұстаз –мектеп тірегі»	Джунусова М.А	Қараша айы 2020	«Ана тілдің уызын қанып ішсін жас ұрпақ»»
20	«Ұстаз –мектеп тірегі»	Тоғайбаева Б.Т	Қараша айы 2020	«Ақкала»
21	«Ұстаз –мектеп тірегі»	Жунисбаева Г.А	Қараша айы 2020	«Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты қалыптастырудағы жаңалыққа бастаған, жаңартылған бағдарламаның ата-аналармен жұмыстағы маңызы»
22	«Ұстаз –мектеп тірегі»	Куралбаева М.Е	Қараша айы 2020	«Көбелектер»

23	«Ұстаз – мектеп тірегі»	Алиева Н.К	Қараша айы 2020	«Ағаштар неге ашуланады?»
24	«Ustaz – mektep tiregi»	Жунисбаева Г.А	Желтоқсан айы 2021	«Балабақшада инновациялық технологиялар қолдану»
25	«Ustaz – mektep tiregi»	Женисова Л.Т.	Желтоқсан айы 2021	«Көбелектер»
26	«Ustaz – mektep tiregi»	Мустапаева Д.О	Желтоқсан айы 2021	«Мамандықтың бәрі жақсы»
27	«Ustaz – mektep tiregi»	Алиева Н.К	Желтоқсан айы 2021	«Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы»
28	«Ustaz – mektep tiregi»	Бабалиева Б.Б	Желтоқсан айы 2021	«Сиқырлы патшалық»
29	«Ustaz – mektep tiregi»	Жапалақова Г.Б	Желтоқсан айы 2021	«Ағаштар мен бұталар»
30	«Білім. Таным, Тәрбие» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал.	Шаяхметова М.Е	Ақпан айы 2021	«Балабақшада ақпараттық технологиялар арқылы балалардың танымдық қабілеттерін арттыру»
31	«Білім. Таным, Тәрбие» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал.	Жылқыбаева Г.А	Ақпан айы 2021	«Қоянға арналған сәбіз»
32	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Шаяхметова М.Е	Ақпан айы 2021	«Көңілді алақандар»
33	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Алиева Н.К	Ақпан айы 2021	«Огонь наш друг-огонь наш враг»
34	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Мустапаева Д.О	Ақпан айы 2021	«Мұржадан түгін будақтайды»
35	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Тогайбаева Б.Т	Ақпан айы 2021	«Сандар әлемі»
36	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Джунусова М.А	Ақпан айы 2021	«Қоянның үйшігі»
37	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Жапалақова Г.Б	Ақпан айы 2021	«Менің отбасым»
39	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Қуралбаева М.Е	Ақпан айы 2021	«Сан мен цифрды сәйкестендір»
40	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Тазабек С.Қ	Ақпан айы 2021	«Геометрические фигуры»
41	«Дара ұстаздың-дара жолы»	Абдикешова М.С	Ақпан айы 2021	«Мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауын диагностикалауда Р.С.Немовтың «Суреттерде қандай заттар жасырылған?» әдістемесін қолдану.

Әдістемелік қызмет жұмысының нәтижелілігінің және кәсіби құзыреттілікті арттырудың көрсеткіші педагогтердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік конкурстарына қатысуы болып табылады.

Жетістіктер	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Республикалық деңгей (139 грамота мен диплом)	14	2	5	51	67
Облыстық деңгей (2 грамота мен диплом)			2		
Аудандық деңгей (27 грамота мен диплом)		4	6	10	7
Қалалық деңгей (61 грамота мен диплом)	3	2	10	8	38

Педагогтердің одан әрі кәсіби өсуі үшін қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі оффлайн іс-шараларға педагогтердің қатысуын жандандыруды жалғастыру, БАҚ-та өзінің жұмыс тәжірибесін ұсыну. Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда ұжымның зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту үшін жасалған жағдайлар тәрбие - білім беру процесінің тұтастыған толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және баланың жан - жақты, толыққанда дамуына кепілдік береді.

V БӨЛІМ

ОҚУ- ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Бағдарламалық- әдістемелік қамтамасыз ету

2021-2022 оқу жылында тәрбиелік- білім беру процесі 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістерімен), 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 (12.05.2020 жылғы № 195 өзгерістерімен) қазақ тілінде оқытатын 1- сыныпқа қабылдауға дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 (2020 жылғы 12.05. № 195 өзгерістерімен), орыс тілінде оқытатын 1- сыныпқа қабылдауға дейінгі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады.

Оқу- білім беру процесі ҚР «Білім туралы» Заңына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес құрылады. Балабақшаны дамытудың 2020-2025 оқу жылына арналған бағдарламасы әзірленіп, бекітілді, оның негізінде мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарлары жасалады. Жыл сайын үлгілік оқу жоспарына сәйкес әрбір жас тобы үшін жұмыс оқу апталық жүктемесі айкындалады, Сан ЕЖН талаптарын сақтай отырып, сабақтар кестесі жасалады.

Негізгі мақсат- ата- аналардың қажеттіліктеріне сәйкес мектепке дейінгі білім берудің қол жетімділігі мен жоғары сапасын келесі бағыттары бойынша қызметтің тиімділігін арттыру негізінде қамтамасыз ету : танымдық сөйлеу және денсаулық сақтау . Осыған байланысты біздің балабақшаның басты мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша тәрбие - білім беру процесі нәтижелерінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына ,өтпелі тақырыптарға ,білім беру салаларының мазмұнын біріктіруге сәйкес және әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып , әрбір жас тобы үшін перспективалық жоспар жасалды . Апталық оқу жүктемесі мен ұйымдастырылған оқу қызметтерінің құрастырылған жүктемесі СанЕжН талаптарына сәйкес келеді .

Мектепке дйінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мындай білім беру бағдарламалары мен технологияларының көмегімен жүзеге асырылады .

МЖТББС сәйкес 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспарының вариативтік компоненті «Хореография» (би өнері), «Ағылшын тілі» (шет тілін үйрену),«Ұлттық ойындар», (ересек топтар).бағдарламаларымен ұсынылған,

Жас топтары	2017-2018 ж	2018-2019ж	Жас топтары	2019-2020ж	2020-2021ж	2021-2020ж
	Вариативтік	Вариативтік		Вариативтік	Вариативтік	Вариативтік
2 кіші топ (3 жастан 4жасқа дейін)	«Хореография»	«Хореография»	Кіші топ (3 жастан бастап)			
Ортаңғы топ (4жастан 5 жасқа дейін)	«Хореография» «Ағылшын тілі»		Ортаңғы топ (4жастан бастап)	«Хореография»	«Хореография»	«Хореография»
Ересек топ (5жастан 6 жасқа дейін)	«Хореография» «Қызықты математика»	«Хореография» «Қызықты математика»	Ересек топ (5жастан бастап)	«Хореография» «Ағылшын тілі»	«Хореография» «Ағылшын тілі»	«Ұлттық ойындар» «Хореография»
	«Сиқырлы бояулар» «Шебер қолдар»	«Менің сиқырлы саусақтарым»	МАД тобы (5 жастан бастап)	«Шебер қолдар» «Хореография» «Ұлттық ойындар»	«Шебер қолдар» «Хореография» «Ағылшын тілі»	«Английский язык» «Хореография»

Ортаңғы,ересек, мектепалды даярлық топтарында шығармашылық және математикалық орталықтары дидактикалық ойындармен, «Шебер қолдар» және «Хореография »вариативтік компонентінің бағдарламаларына әр түрлі билерге арналған костюмдермен және музыкалық инструменттермен жабдықталған.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі

Балалардың біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі- МЖМБС орындау сапасының көрсеткіші.

Жүргізілетін мониторингтік зерттеулер оқу-білім беру процесінің әртүрлі аспектілерін талдаудың тиімді құралы болып табылды. Балалар бақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының қалыптасу мониторингі жылына 3 рет жүргізіледі: бастапқы (қыркүйек), аралық (қаңтар), қорытынды (мамыр). Бағдарламалық материалды игеру мониторингі мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі («Мектепке дейінгі балалық шақ» РО). Педагогтер танымдық, эмоционалды, мінез-құлық сапасын жандандыруға, шығармашылық тәуелсіздікті дамытуға бағытталған түрлі оқулықтар мен балалардың назарын аудару және шоғырландыру әдістерін қолданады. Балалармен педагогикалық оқу қызметті ұйымдастыру және жүргізу кезінде гигиеналық талаптар сақталған (балаларды отырғызу жарықтандыру желдету бетперде режимі және т.б.).

Топ тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі келесі кестеде келтірілген:

Білім беру саласы	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Денсаулық	127	125	129	88	100
Коммуникация	126	129	127	90	101
Таным	126	126	127	90	97
Шығармашылық	125	123	125	91	95
Әлеумет	107	103	113	82	69
%	94%	95%	95%	90%	88%
Динамика	-6	-5	-5	-10	-12
Жиыны	100%	100%	100%	100%	100%

Мониторинг қорытындысы бойынша балабақша топтарының тәрбиеленушілері 90-95%-ға дағдыларды меңгеру сапасын көрсетеді.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасуының көрсеткіші оқу жылынан артуының оң динамикасы байқалады.

Ал 2020-2021 оқу жылы карантиндік талаптардың әсерінен тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасуының көрсеткіші біршама төмендеуі байқалады. 2021-2022 оқу жылы тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасуының көрсеткіші 2020-2021 жылға қарағанда % көрсеткіш төмендеу көрсеткенімен, меңгерген бала санының артып тұрғанын байқауға болады. Дағдылардың қалыптасу деңгейі-88%.

МКҚК "Әйгерім-1" бөбекжай балабақшасының 2017-2018 оқу жылына балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

дағдыларының тізбесі													
№	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)						Барлығы игерген %	
		Ерте жас (1 жастан 2 жасқа дейін)		Кіші жас (2 жастан 3 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі кіші жас (3 жастан 4 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі орта жас (4 жастан 5 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі естияр жас (5 жастан 6 жасқа дейін)			
		Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Барлық топтар саны / балалардың саны	Барлық дағдыларды игерген балалардың саны %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулықты сақтау дағдылары			1топ/ 236а ла	19- 83%	1топ/ 246а ла	22- 92%	2топ/ 476а ла	45- 96%	2топ/ 416а ла	41- 100 %	6топ /135 бала	127- 94%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар			1топ/ 236а ла	20- 87%	1топ/ 246а ла	21- 88%	2топ/ 476а ла	44- 94%	2топ/ 416а ла	41- 100 %	6топ /135 бала	126- 93%
3	Танымдық дағдылар			1топ/ 236а ла	19- 83%	1топ/ 246а ла	20- 83%	2топ/ 476а ла	46- 98%	2топ/ 416а ла	41- 100 %	6топ /135 бала	126- 93%
4	Шығармашылық дағдылар			1топ/ 236а ла	19- 83%	1топ/ 246а ла	20- 83%	2топ/ 476а ла	45- 96%	2топ/ 416а ла	41- 100 %	6топ /135 бала	125- 93%
5	Әлеуметтік дағдылар					1топ/ 246а ла	20- 83%	2топ/ 476а ла	46- 98%	2топ/ 416а ла	41- 100 %	5топ /112 бала	107- 92%

МКҚК "Әйгерім-1" бөбекжай балабақшасының 2018-2019 оқу жылына балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі													
№	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан 2 жасқа дейін)		Кіші жас (2 жастан 3 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі кіші жас (3 жастан 4 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі орта жас (4 жастан 5 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі естияр жас (5 жастан 6 жасқа дейін)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Барлық топтар саны / балалардың саны	Барлық дағдыларды игерген балалардың саны %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау дағдылары			1 топ / 21 бала	18-86 %	1 топ / 25 бала	21-84%	2 топ / 47 бала	44-94%	2 топ / 42 бала	42-100 %	6 топ / 135 бала	125-93%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар			1 топ / 21 бала	19-90 %	1 топ / 25 бала	23-92 %	2 топ / 47 бала	45-96%	2 топ / 42 бала	42-100 %	6 топ / 135 бала	129-96%
3	Танымдық дағдылар			1 топ / 21 бала	21-100 %	1 топ / 25 бала	20-80%	2 топ / 47 бала	43-92%	2 топ / 42 бала	42-100 %	6 топ / 135 бала	126-94%
4	Шығармашылық дағдылар			1 топ / 21 бала	20-95 %	1 топ / 25 бала	18-72%	2 топ / 47 бала	43-92%	2 топ / 42 бала	42-100 %	6 топ / 135 бала	123-91%
5	Әлеуметтік дағдылар					1 топ / 25 бала	18-72%	2 топ / 47 бала	43-92%	2 топ / 42 бала	42-100 %	5 топ / 114 бала	103-90%

МКҚК "Әйгерім-1" бөбекжай балабақшасының 2019-2020 оқу жылына балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі													
№	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)						Барлығы игерген %	
		Ерте жас (1 жастан 2 жасқа дейін)		Кіші жас (2 жастан 3 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі орта жас (3 жастан 4 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі ересек жас (4 жастан 5 жасқа дейін)		Мектепке дейінгі ересек (даярлық) жас (5 жастан 6 жасқа дейін)			
		Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Барлық топтар саны / балалардың саны	Барлық дағдыларды игерген балалардың саны %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау дағдылары			1 топ / 17 бала	14-82%	1 топ / 19 бала	19-100%	2 топ / 54 бала	50-93%	2 топ / 45 бала	45-100%	6 топ / 135 бала	129-96%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар			1 топ / 17 бала	9-53%	1 топ / 19 бала	19-100%	2 топ / 54 бала	50-93%	2 топ / 45 бала	45-100%	6 топ / 135 бала	127-94%
3	Танымдық дағдылар			1 топ / 17 бала	10-59%	1 топ / 19 бала	18-95%	2 топ / 54 бала	49-91%	2 топ / 45 бала	45-100%	6 топ / 135 бала	127-94%
4	Шығармашылық дағдылар			1 топ / 17 бала	9-53%	1 топ / 19 бала	17-90%	2 топ / 54 бала	50-93%	2 топ / 45 бала	45-100%	6 топ / 135 бала	125-93%
5	Әлеуметтік дағдылар					1 топ / 19 бала	18-95%	2 топ / 54 бала	50-93%	2 топ / 45 бала	45-100%	5 топ / 118 бала	113-96%

2019- 2020 оқу жылында, 2020-2021 оқу жылында және 2021-2022 оқу жылында мектепалды топтар жұмыс істеді (мектепалды жас (5 жастан бастап).

МКҚК "Әйгерім-1" бөбекжай балабақшасының 2020-2021 оқу жылына балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі													
№	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)						Барлығы игерген %	
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)			
		Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Барлық топтар саны / балалардың саны	Барлық дағдыларды игерген балалардың саны %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау дағдылары			1 топ / 23 бала / 19	15-79%	1 топ / 25 бала / 18	9-50%	2 топ / 45 бала / 22	22-100%	2 топ / 42 бала	42-100%	6 топ / 135 бала / 101	88-87%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар			1 топ / 23 бала / 19	14-74%	1 топ / 25 бала / 18	12-67%	2 топ / 45 бала / 22	22-100%	2 топ / 42 бала	42-100%	6 топ / 135 бала / 101	90-89%
3	Танымдық дағдылар			1 топ / 23 бала / 19	16-84%	1 топ / 25 бала / 18	10-56%	2 топ / 45 бала / 22	22-100%	2 топ / 42 бала	42-100%	6 топ / 135 бала / 101	90-89%
4	Шығармашылық дағдылар			1 топ / 23 бала / 19	17-89%	1 топ / 25 бала / 18	10-56%	2 топ / 45 бала / 22	22-100%	2 топ / 42 бала	42-100%	6 топ / 135 бала / 101	91-90%
5	Әлеуметтік дағдылар					1 топ / 25 бала / 18	10-56%	2 топ / 45 бала / 22	22-100%	2 топ / 42 бала	42-100%	5 топ / 112 бала / 82	82-73%

Алайда 2021 жылдың мамыр айында дағдыларды игеру деңгейі 9%-ға төмендегені байқалады. Алынған нәтижелердің себебі балабақшаға бармайтын баларады қашықтықтан оқыту болып табылады, себебі 2020-2021 оқу жылы ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда 15 баладан кезекші топтар жұмыс істеді. Балардың 45%-ы интернет ресурстар арқылы білім алды.

МКҚК "Әйгерім-І" бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылына балалардың біліктірі мен дағдыларының тізбесі													
№	Дағдылар тізбесі	Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Топтар саны / балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны %	Барлық топтар саны / балалардың саны	Барлық дағдыларды игерген балалардың саны %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Денсаулық сақтау дағдылары			2 топ / 52 бала / 46	34-74%	1 топ / 25 бала / 17	14-82%	2 топ / 52 бала / 31	31-100%	1 топ / 21 бала	21-100%	6 топ / 150 бала / 115	100-87%
2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар			2 топ / 52 бала / 46	33-72%	1 топ / 25 бала / 17	16-94%	2 топ / 52 бала / 31	31-100%	1 топ / 21 бала	21-100%	6 топ / 150 бала / 115	101-88%
3	Танымдық дағдылар			2 топ / 52 бала / 46	32-70%	1 топ / 25 бала / 17	13-94%	2 топ / 52 бала / 31	31-100%	1 топ / 21 бала	21-100%	6 топ / 150 бала / 115	97-85%
4	Шығармашылық дағдылар			2 топ / 52 бала / 46	31-67%	1 топ / 25 бала / 17	12-71%	2 топ / 52 бала / 31	31-100%	1 топ / 21 бала	21-100%	6 топ / 150 бала / 115	95-83%
5	Әлеуметтік дағдылар					1 топ / 25 бала / 17	13-94%	2 топ / 52 бала / 31	31-100%	1 топ / 21 бала	21-100%	4 топ / 89 бала / 69	69-78%

Мониторинг нәтижелері балалардың денсаулық сақтау, коммуникативтік, тілдік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларды игеруін және дамудың жаңа міндеттерін ескере отырып, одан әрі педагогикалық процестің болашағын анықтайды.

Білім беру салаларының мазмұнын игерудің жетістік деңгейінің жоғарылауы педагогтердің білім беру ойын технологияларын, білімді, дағдыларды қайталауға және кеңейтуге, күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыс істеуге, үстел-үсті және дамыту ойындарын қолдануға бағытталған «жақын даму аймағын» ескере отырып сараланған тапсырмаларды қолдануымен түсіндіріледі.

2021-2022 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын» іске асыру мақсатында қазақ тілінде оқытатын ересек тобы мен орыс тілінде оқытатын ересек тобы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес вариативті компоненттерге келесілер қосылған:

№	Вариативті компонент атауы	Қазақ тобы	Орыс тобы
1.	«Ұлттық ойындар	«Балдырған»-1	
2.	«Национальные игры»		«Күншуақ»-0,5

Қорытынды: Тәрбиеленушілер бағдарламалық материалдың мазмұнын игеруде.

Қажет:

1. Денсаулық сақтау, танымдық және коммуникативтік-тілдік дағдылардың қалыптасу деңгейін арттыру мақсатында білім беру процесін жетілдіру.
2. Балалардың келуін жақсартуға бағытталған жұмысты жалғастыру (балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру іс-шаалары және т.б) сондай-ақ ата-аналармен жұмыс жүргізу;
3. Интерактивті жұмыс түрлерін және өздігінен білім алуды ұйымдастыру арттыру.

Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау комиссиясы 2022 жылғы 13 мамырда мектепалды даярлық жастағы балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізді. Сауалнаманың мақсаты: тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу деректерінің сәйкестерін анықтау және мектепке дейінгі ұйым ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту.

Сауалнамаға 17 ата- ана қатысты - бұл ата -аналардың жалпы санының 24%.

№	Топ атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Сауалнамаға қатысушылар саны
1.	«Бәйтерек» МАД тобы	Орыс тілінде	17	17

Ата-аналарға дағдылардың мазмұнын оқып,жауаптың бір нұсқасын тандап,шеберлікті бағалауды сұрады («қатты келіспеймін», «келіспеймін», «жауап беруге қиналамын», «келісемін», «толық келісемін»). Сауалнамаларды ата- аналар өз қолдарымен толтырды.

Ата-аналардың сауалнамасы келесі нәтижелерді көрсетті:

№	Қатты келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толық келісемін
1.	0	2	4/16	13/125	16/558

Сауалнама нәтижелері келесіні көрсетті:

- 1.Ата-аналар балабақшаның білім беру саласындағы жұмысына риза
- 2.Балалардың дағдыларының қалыптасу дәрежесі жеткілікті болып табылады және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді:
 - келісемін және толық келісемін- 94%
 - қатты келіспеймін - 0 %
 - жауап беруге қиналамын- 5 %
 - келіспеймін-респонденттердің 1 %
- 3.Респондент –ата-аналарға жауап беру қиын болған сұрақтарды ата-аналардың қажеттілігін толық зерттеу,нақты кемшіліктерді анықтау және педагогтер мен балабақша қызметінің осы бағытын жақсарту бойынша жұмысты одан әрі жүргізу үшін қосымша сауалнамада қайталау қажет.
- 4.Ата-аналардың пікірінше,балалар денсаулықты сақтау дағдыларында (шынықтыру процедураларының маңыздылығын түсіну,күн тәртібін сақтау),коммуникативті – тілдік дағдыларда(монологтарды құрастыруда,шығармаларды шығаруда және сөйлеудің дыбыстық мәдениетінде үйлесімді,шығармашылық сөйлеу),шығармашылық дағдыларда қиындықтар туындайды.Қоршаған әлемді эстетикалық қабылдау және сурет құралдарын,әлеуметтік дағдыларды (ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық, отбасылық құндылықтарды сақтау және ел мәдениеті мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті көрсету).

Қорытынды: тәрбиеленушілердің ата-аналарына жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау балалардың МЖМББС талаптарына сәйкес білім,білік,дағды көлемін табысты меңгеретіндігін көрсетті.

Осылайша, балалардың денсаулық сақтау,коммуникативті-тілдік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары қалыптасқаны анықталды.

Өзін-өзі бағалау «uzdik»

Тәрбиеленушілердің зияткерлік және шығармашылық конкурстарда қатысу нәтижелері

Педагогтердің көрсеткіші-облыстық, халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болған балабақша тәрбиеленушілерінің санын арттыру: халықаралық деңгей-38 бала; республикалық деңгей -24 бала.

Тәрбиеленушілердің зияткерлік конкурстарға, әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысуы келесі кестеде көрсетілген:

Деңгей	2017-2018ж	2018-2019ж	2019-2020ж	2020-2021ж	2021-2022 ж
Республикалық деңгей	14	5		51	3
Тәрбиеленушілер саны	3	3		30	3
Облыстық деңгей		2			2
Тәрбиеленушілер саны		2			2
Аудандық деңгей	4	6	3	7	
Тәрбиеленушілер саны	3	6	3	7	
Қалалық деңгей	5	4		8	
Тәрбиеленушілер саны	5	2		6	
Жиыны	34	30	6	109	10

Талданып отырған уақыт кезеңінде қашықтықтан өткізілетін байқауларда жүлдегерлер санының артуы байқалады.

Жетістіктер	2017-2018ж	2018-2019ж	2019-2020ж	2020-2021ж	2021-2022ж
«Жарқын болашақ» Республикалық ғылыми әдістемелік журналы. «Эстрадалық вокал»	20				
«Қазақшаң ,қалай, балақай» Аудандық байқау		2			
Республикалық конкурс «Ритмика мен Сириус»			24		
Республикалық «Дара бала»				20	
«Педагогика жанашыры» Республикалық конкурс				1	
«Медиа Білім» республикалық журнал					7
Республикалық «Өрлеу» порталының ұйымдастыруымен					5

Республикалық конкурс «Дарын»					4
«Рухани жаңғыру» аясындағы аудандық байқау		1			
«Пони» Халықаралық байқау	16				
Республикалық «Үркер» зияткерлік марафон		10			
Республикалық қашықтықтан өткізілген интернет байқауы				2	
«Устас» Халықаралық Академиясынан ментальді арифметика бағдарламасының ұйымдастыруымен	1				
Барлық балалар саны	37	13	24	23	16

Педагогтар өз тәрбиеленушілерімен бірге балалардың зияткерлік және шығармашылық байқауларына қатысады.

Перспективалары:

1.Тәрбиеленушілердің қалалық облыстық және республикалық конкурстарға,олимпиадалар мен турнирлерге қатысуына педагогтарды белсенді ету.

Өзін-өзі бағалау «uzdik»

Сапалы білімге қол жеткізудің критерийлерінің бірі қосымша білім беру болып табылады- ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып,балабақшада ақылы білім беру қызметтерін ұйымдастыру.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын
іске асыруға бағытталған іс-шаралар**

Балабақшада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын іске асыру аясында ұлттық дәстүрлерге негізделген рухани- адамгершілік дағдыларды қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған.

Қазақ тілінде оқытатын және тәрбиелейтін төрт топ жұмыс істейді.

Топтар/Балалар саны	2017-2018ж	2018-2019ж	2019-2020ж	2020-2021ж	2021-2022ж
Балалар бақшасында барлық балалар саны	135	135	135	135	150
Балалар бақшасындағы барлық топтар	6	6	6	6	6
Қазақ тілінде оқытылатын топтар саны	4	4	4	4	4
Ондағы балалар	87	87	85	88	100
Динамика	64%	64%	63%	65%	67%

Ұсынылған кестеден 2017-2018 оқу жылынан бастап олардағы топтар мен балалардың саны тұрақты екенін көруге болады.Қазақ тілінде тәрбиелейтін және оқытатын топтарда балаларды оқыту мен тәрбиелеуді кәсіптік педагогикалық білімі бар педагогтар ұйымдастырады.

Оқу жылы Білімі	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Балабақша бойынша барлық тәрбиешілер	12	12	12	12	12
Қазақ тілінде оқытатын топтардағы барлық тәрбиешілер	8	8	8	8	8
Жоғары білімді	5	6	6	7	6
Динамика	63%	75%	75%	87%	75%
Сонын ішінде мектепке дейінгі	5	6	6	7	6
Арнайы орта білімді	3	2	2	1	2
Динамика	37%	25%	25%	13%	25%
Соның ішінде мектепке дейінгі	3	2	2	1	

Мемлекеттік тілде білім беретін топ педагогтерінің біліктілік деңгейі өте жоғары. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2018 жылғы 31 қазандағы №604), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 (2020 жылғы 24.09.№ 412 өзгерістерімен), 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557

(2020 жылғы 12.05.№ 195 өзгерістерімен) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспына сәйкес 1 жастан бастап орыс тілінде оқытатын 1- сыныпқа қабылдауға дейінгі орыс тілінде оқытатын топтарға ЖОД кестесіне «қазақ тілі» сабақтары енгізілді (ересек, мад топтарына).

Балаларды қазақ тіліне оқытуды қазақ тілі педагогі Бөлекова А.Д (білімі жоғары,еңбек өтілі 6 жыл, санаты жоқ) жүргізеді.

Қазақ тілі маманы орыс тілде оқытатын топтарға барып ұйымдастырылған оқу қызметін өткізеді.

Перспективалық жоспарлар бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес жасалды, жас топтарындағы апталық оқу жүктемесінің көлемі нормативтік құжаттарға сәйкес келеді.

Қазақ тілінде оқып жатқан топтардың саны ашылған кіші топтардың санына, яғни 2 жастан асқан балаларға және қазақ тілінде оқытатын топтардың санына байланысты.

Топтар/Балалар саны	2017-2018ж	2018-2019ж	2019-2020ж	2020-2021ж	2021-2022 ж
Топтар саны	6	6	6	6	6
Ондағы балалар	48/36%	48/36%	50/37%	47/35%	50/33%
Балабақша бойынша жалпы балалар	135	135	135	135	150

Қорытынды мониторинг нәтижелерін талдау

Бағдарламаның бөлімдері неғұрлым табысты іске асырылып жатқанын көрсетті: сөздікпен жұмыс, есту арқылы сөйлеуді түсіну (тындау) қарапайым сұрақтарға жауап беру, тапсырманы орындау, ауызша нұсқаулар.

Ең аз сәтті жүзеге асырылатын бөлімдер: грамматикалық сөйлеуді дамыту, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, үйлесімді сөйлеуді дамыту.

Бағдарламаның осы бөлімі бойынша машықтар мен дағдылардың азаю деңгейінің төмендеу себебі балабақшаға бармайтын балаларды қашықтықтан оқыту болып табылады, өйткені 2020-2021 оқу жылы ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда 15 баладан кезекші топтар жұмыс істеді. Балалардың 45,5% –ы интернет ресурстар арқылы білім алды.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизмді және толеранттылықты тәрбиелеу мақсатында жоспар құралды, балалардың, ата-аналардың және қызметкерлердің қатысуымен бірлескен іс-шаралар әзірленді жәре өткізілді.

Жылы	Іс-шаралар	Қатысушылар
2017-2018	«Менің өнерлі отбасым» «Айналам қандай тамаша!» Көгалдандыру жұмыстары.	Топ балалары мен ата-аналары Тәрбиешілер, ата-аналар көмегімен
2018-2019	«Көк тудың желбірегені» Спорттық марафон «Мемлекеттік Рәміздер» сурет көрмесі	Топ балалары Барлық топ
2019-2020	«Үздік театрландырылған	Ересек топтар

	қойылым» байқауы. «Бұл әлем қандай тамаша!» сурет сайысы «Өлкетану» бағыты аясында Қолөнер көрмесі. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты суреттер көрмесі	Ересек топтар Тәрбиешілер, ата-аналар Барлық топтар мен олардың ата-аналары
2020-2021	«Үздік театрландырылған қойылым» байқауы. «Бұл әлем қандай тамаша!» сурет сайысы «Өлкетану» бағыты аясында Қолөнер көрмесі. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты суреттер көрмесі	Ересек топтар Ересек топтар Тәрбиешілер, ата-аналар Барлық топтар мен олардың ата-аналары
2021-2022	«Отан қорғаушылар» балалар суреттерінің көрмесі. Ашық ҰОҚ « Бір шаңырақ астында» «Мәңгілік ел» идеясы негізінде мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік – патриоттық тәрбиелеу» дөңгелек үстел.	Ересек топ тәрбиешілері тәрбиеші Ортаңғы топ тәрбиешілері

Әдістемелік кабинетте балаларды Қазақстан Республикасымен таныстыру бойынша дидактикалық материал бар. Қазақ тілі оқытушыларының перспективалық жоспарында балалар, педагогтер және ата-аналар үшін Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрімен таныстыру бойынша ай сайынғы іс-шаралар әзірленді, шығармашылық апталар, семинарлар жоспарланған. Балабақша қызметкерлері үшін мемлекеттік тілді оқыту бойынша үйірме ұйымдастырылды.

Алайда, картинтиндік шаралар кезінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, ата-аналармен, балалармен және қызметкерлермен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру арқылы «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» азаматтық-патриоттық жобаларын іске асыру арқылы балалардың әлеуметтік құзыреттілік деңгейін арттыру қажет.

Педагогикалық кеңестерде қазақ тілін оқыту бағдарламасын меңгеруге және «Рухани жаңғыру» азаматтық-патриоттық жобасын іске асыруға қатысты мәселелер қарастырылады.

Ата-аналармен және қоғаммен өзара әрекеттесу

Ата-аналар тек тапсырыс беруші ретінде ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның жұмыс деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік алады. Сондықтан балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін балабақша ұжымы ата-аналардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін анықтауға және мектепке дейінгі ұйымның одан әрі қызметін жоспарлауға мүмкіндік беретін дәстүрлі және радикалды емес ынтымақтастық формаларын қолданады. Пандемия және карантиндік шаралар кезеңінде жоспарланған іс-шаралар, оның ішінде ата-аналардың жалпы және топтық жиналыстары онлайн режимінде өткізіледі.

Ата-аналар білім беру қызметтерінің негізгі тұтынушылары болып табылады. Әр ата-ананың болашақ баласының бейнесі бар, сондықтан ата-аналардың контингентін (отбасы құрамы, ата-аналардың білімі мен жұмысы) зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Бұл ақпарат ата-аналармен ұйымдастырушылық және педагогикалық жұмыс үшін қолданылады, атап айтқанда: ата-аналардың ЖПД-ға қосылуы, отбасылық-қоғамдық қатынастардың дамуына ықпал ету.

Отбасыларға әлеуметтік талдау әр оқу жылының басында жүргізіледі. 2021-2022 жылдарға тәрбиеленушілердің отбасы мүшелерінің әлеуметтік және білім беру мәртебесін талдау келесі нәтижелерді анықтады:

Отбасы құрамы	2017-2018 ж	2018-2019 ж	2019-2020 ж	2020-2021 ж	2021-2022 ж
Барлығы	260	240	254	230	275
Толық	250	200	244	200	261
Толық емес	10	15	-	15	1
Көп балалы отбасы	20	25	10	15	13
Оралмандар отбасы	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

Тәрбиеленушілердің ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі

Тәрбиеленушілердің ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Барлық отбасы	140	135	127	130	138
Барлық ата-ана	260	240	254	230	275
Олардан:					
Қызметкерлер	50	48	65	38	68
Динамика	19%	20%	26%	17%	25%
Кәсіпкерлер	43	56	35	24	47
Динамика	17%	23%	14%	10%	17%
Жұмысшылар	48	54	57	63	68
Динамика	18%	23%	22%	27%	25%
Жұмысшылар/ уақытша жұмыс істемейтіндер	44	39	40	55	49
Динамика	17%	16%	16%	24%	18%
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	75	41	57	50	43
Динамика	29%	18%	22%	22%	15%

Отбасылардың әлеуметтік мәртебесін талдау жұмысшылар мен қызметкерлер саны 17-25%-ға, жұмыссыздар мен бала тууға байланыста демалыста жүргендер 16-18 % -ды құрайтынын анықтады. Ата-аналардың басым бөлігін қызметкерлер мен жұмысшылар құрайды 50% .

Білім беру деңгейін талдау көрсеткендей , 2021-2022 оқу жылында ата - аналардың 41%-ы жоғары білімді, ата-аналардың 44%-ы арнаулы орта білімді және 15%-ы орта білімді.

Білімі	2017-2018 ж	2018-2019 ж	2019-2020 ж	2020-2021ж	2021-2022 ж
Барлық отбасы	140	135	127	130	138
Барлық ата-ана					
Олардан:	260	240	254	230	275
Жоғары	125	140	107	123	186
Динамика	48%	58%	42%	53%	68%
Арнаулы- орта	120	80	139	100	80
Динамика	46%	33%	55%	43%	28%
Орта	15	20	8	7	9
Динамика	6%	9%	3%	4%	4%

Алынған мәліметтер негізінде ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен оқытуда онлайн формалар арқылы білімді арттыру бойынша жұмыс жоспарлануда.

Балабақшадағы ата-аналармен өзара әрекеттесу жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады және ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек көрсету негізделген .

Бақшада бірлескен жұмыстардың галереясы (баспалдақтарда вернисаждар мен колөнер көрмелері) құрылды, онда балалар мен олардың ата-аналарының жұмыстары үнемі жаңартылып отырады.

Перспективалары:

1.Ата-аналардың тәрбие-білім беру процесіне қатысуын жандандыру және педагогтердің балалар мен ата-аналардың бірлескен қызыметін интернет- ресурстар (ата-аналар чаттары, сайт және Инстаграм) арқылы жариялау.

Қоғаммен байланыс

Бірнеше жыл бойы балалар бақшасы ұжымы өз қызметінде әлеуметтік мәдени объектілермен және қала мекемелерімен өзара іс-қимыл жасайды:

- 1.Еңбекшіқазақ ауданының білім беру бөлімімен
2. Есік Гуманитарлық Экономикалық колледжінің студенттері Мектепке дейінгі ұйым базасында педагогикалық тәжірибеден өтуде
3. Бөлек ауылындағы амбулаториясымен
4. Есік қаласының өрт сөндіру бөлімімен
5. Есік қаласындағы Тынышбаев атындағы мұражаймен.

Бірақ пандемия кезінде және 2020-2021 жылдары карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты бұл іс-шаралар жүргізілмейді тұрды. 2021-2022 оқу жылы барлығы жандандырылды. Қазіргі уақытта колледж студенттері өз тәжірибелерін өтуде.

Мектеппен сабақтастық

Балабақшаның, мектептің және отбасының педагогикалық ұжымының жұмысы-бұл мектепке дейінгі кезеңде баланың толық тұлғалық дамуын, физиологиялық және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ететін тұтас процесс.

Мектеппен жұмыс балабақшаның басым бағыты негізінде құрылады: танымдық-сөйлеу.

Балалар бақшасының педагогикалық ұжымы Бөлек ауылындағы М.Горький атындағы орта мектебінің педагогикалық ұжымдарымен ынтымақтасады, себебі аталған мектептерге бала-бақша түлектерінің 70-80% түседі.

Төрт жыл ішінде осы мектептің қабырғасында білім алатын түлектердің саны артып келеді.

№	Мектеп	Жылдар бойынша түлектер							
		2017-2018 ж		2018-2019 ж		2019-2020 ж		2020-2021 ж	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
	Жалпы саны	135		135		135		135	
	Балалар саны	42		40		32		33	
1.	Жалпы мектеп	42	31%	37	93%	32	24%	33	24%
2.	Мектеп-гимназия	0	0	3	7%	0	0	0	0
				+3					
3.	Мемлекеттік тілде оқытатын мектеп немесе сыныптар	арала с		арала с		арала с		арала с	
4.	Сөйлеуді түзету сыныбы	0	0	0	0	0	0	0	0

Түлектердің көпшілігі Бөлек ауылындағы М.Горький орта мектебіне, Бөлек ауылдық селолық округіндегі Абай орта мектебі мен Қарасай орта мектептеріне баратынын көрсетті, өйткені бұл мектептер шағын ауданда орналасқан және балабақша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейі гимназия сыныптарында оқуға ықпал етті. 2018-2019 оқу жылында 40 түлектің ішінен 3 түлек мектеп-гимназияға Алматы қаласына көшіп кеткеніне байланысты екенін байқадық.

Шығарылған жылы	Түлекер саны	Бөлек ауылы	Аймен ауылы	Қарасай ауылы	Есік қаласы
2017-2018	42	23	8	5	6
2018-2019	40	13	10	3	6
2019-2020	32	29	2	5	4
2020-2021	33	25	5	0	3

Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп білімінің сабақтастығы идеясын жүзеге асыру мақсатында жоспарға

сәйкес мектепке мақсатты экскурсиялар өткізіледі, дайынық топтарының ата-аналарына «Бірінші сынып оқушысы нені білуі және істей алу тиіс», «жақында мектепке», «мектепті қалай дұрыс тандау керек» тақырыбында ақпарат рәсімделеді. Білім беру үдерісіндегі сабақтастық мәселелері бойынша сабақтарға өзара қатысу ұйымдастырылады. Баланың мектепке дейінгі көрсеткіштерін анықтау наурыз-сәуір айларында педагог-психолог дайындық топтарының балаларының мектепке дайындық деңгейіне зертеу жүргізеді. Әр оқу жылының соңында «Қош бол,

балдырған » ертеңгілігіне мектептің бірінші сыныпты алатын мұғалімдерін шақыра отырып, ата-аналар мен бастауыш сынып мұғалімдерінің кездесулері дәстүрге айналады.

Мектептердің пікірі бойынша біздің балабақшамыздың түлектері бағдарламаны жақсы меңгереді; олардың дайындық деңгейі мектеп жасына дейінгі балаларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Балаларда оқу қызметінің дағдылары қалыптасқан, бағдарламалық материал туралы тұрақты білім бар. Балаларды мектепке дайындауды мұғалімдер жақсы деп бағалайды, оқушылардың ата-аналары балалардың мектепке дайындық деңгейіне қанағаттанады.

Педагогикалық ұжым мектеп мұғалімдерімен байланыс жасайды, түлектердің екі жыл ішіндегі үлгерімін қадағалайды.

	2017-2018 ж		2018-2019 ж		2019-2020ж		2020-2021 ж	
Түлектер саны	42		40		32		33	
	1-оқу жылы	2-оқу жылы	1-оқу жылы	2-оқу жылы	1-оқу жылы	2-оқу жылы	1-оқу жылы	2-оқу жылы
Өте жақсы	23	23	15	20	15	14	16	20
Динамика	55%	55%	38%	50%	47%	41%	48%	63%
Жақсы	17	19	21	17	15	18	15	13
Динамика	40%	45%	53%	43%	47%	59%	47%	65%
Қанағаттанарлық	2		4	7	2		2	
Динамика	5%		9%	7%	6%		5%	
Оқу деңгейі табысты түлектер саны	40		37		32		33	
	100%		100%		100%		100%	

Түлектердің басым бөлігі мектепке «жақсы» және «өте жақсы» оқиды. Білім сапасы жоғары деңгейге сәйкес келеді және тұрақты болып талады, бұл балабақшадағы оқу көрсеткіштерінің күшті жақтарының бірін растайды.

VI БӨЛІМ

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТІРШІЛІК ҚЫЗМЕТІДЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖАҒДАЙЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және сақтау шарттары

Балабақшада балалардың денсаулықтарын нығайту және сақтау үшін барлық жағдай жасалған: спорт залы, медициналық блок (дәрігерлік кабинет, окшаулау бөлмесі, емдеу бөлмесі,).

Медбике Хадымова З.В (білімі орта, еңбек өтілі 4 жыл) Балалардың дене белсенділігін арттыруға жағдай жасалған. Бұл дене шынықтыруға деген қызығушылықты арттыратын, өмірлік қасиеттерді дамытатын, ұйымдастырылған оқу қызметінің тиімділігін арттыратын спорт залындағы әртүрлі дене шынықтыру құралдары, сондай-ақ стандартты емес құрал- жабдықтар мен оқу құралдары. Сақтандыруды қамтамасыз ету, жарақаттануды болдырмау үшін залда гимнастикалық төсеніштер бар.

Дене шынықтыру пәнінің нұсқаушысы Шаяхметова М.Е (білімі жоғары, біліктілік санаты жоқ, еңбек өтілі 1 жыл), арнайы жоғары педагогикалық білімі бар.

Алайда, коронавирустық инфекцияға қарсы карантин енгізілгеннен кейін дене шынықтыру пәнінің барлық сабақтары топтық бөлмелерде, ал жылы мезгілде- спорт алаңдарында немесе топ алаңдарында өткізіледі.

Жыл сайын мектепке дейінгі балалық шақтың эпикризді кезеңдерінде балаларды Бөлек ауылдық амбулаториясындағы емхананың дәрігерлері – педиатр, ЛОР, окулист, невропатолог, хирург-ортопед тексереді.

Жыл бойы балалардың денсаулығы бақыланады, денсаулық көрсеткіштері денсаулық паспорттарында көрсетіледі. Мектеп жасына дейінгі балалардағы күнделікті режим СанЕжН нормаларына сәйкес күні бойы мектеп жасына дейінгі балаларға жүктемені біркелкі бөлуді қамтамасыз етеді.

Аурудың алдын алу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы қадағаланады, балалардың күнделікті таңғы сүзгілеуі жүргізіледі. Тұмаумен, ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың жоғарылауы кезеңінде желдету, режимі сақталады, топтар кварц шамымен өңделеді, балалардың таза ауада максималды болуы қамтамасыз етіледі.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау мақсатында барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілерге жауапты қызметкерлері (контактсыз термометрмен термометрия, ғимаратқа кіре берісте қолды санитарлық тазарту қызметкерлер күнделікті «кіру» сүзгісін жүргізеді, қызметкерлер қатаң түрде «ashyg» арқылы кіреді. Балалар бақшасындағы қозғалыстың, оның ішінде баспалдақпен көтерілудің «бір жақты қозғалыс» ережесіне сәйкес арнайы белгілермен белгіленеді.

Балабақшада эпидемияға қарсы келесі іс-шаралар жүргізіледі:

1. персоналға арналған санитарлық үй-жайларда тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі, дезинфекциялау құралдары бар, лас бетперделерді жинауға арналған белгісі бар ыдыстар урналар орнатылады;
2. жуынатын бөлмелерде сұйық сабынға арналған диспенсерлер, қол жуу ережелері жазылған плакаттар орнатылады;
3. тазалау жиілігін арттыру тұтқаларды, қоршауларды, (тұтқаларды және басқа да

жанасу беттерін қосымша өңдеу);

4.тәрбиеленушілердің қолдарын уақтылы жуу үшін топтарда бақылау жүргізіледі;

